

Т. Рысқұлов ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 254 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 шілдеде № 2275 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 19) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын және интернет ресурстарында жариялауды бақылау аудан әкімінің орынбасары Бейсен Әшімәлиұлы Әлпейсовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Айтақов

Аудан әкімдігінің 2014 жылдың
13 маусымдағы № 254 қаулысына

қосымша

«Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

	Бір айға шаққандағы қаржы	Оның ішінде	
			Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын

№	Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдары	ландыру жоспары	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарына жергілікті бюджеттен қосымша қаржыландыру	Ата-ананың ақы төлеу мөлшері
	Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін				
1	Шағын орталықтар	13 068	11 568	1 500	4 000
2	Бала бақшалар, оның ішінде:				5 000
	30 балаға дейін	40 000	22 000	18 000	
	31 ден 50 балаға дейін	30 000	22 000	8 000	
	51 ден 75 балаға дейін	28 000	22 000	6 000	
	76 дан 100 балаға дейін	25 000	22 000	3 000	
	101 ден 150 балаға дейін	24 000	22 000	2 000	
	151 ден 200 балаға дейін	23 000	22 000	1 000	
	201 ден жоғары	22 000	22 000	0	
	Тек жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар үшін				
1	Шағын орталықтар	13 068	0	13 068	4 000
2	Бала бақшалар, оның ішінде:		0		5 000
	30 балаға дейін	40 000	0	40 000	
	31 ден 50 балаға дейін	30 000	0	30 000	
	51 ден 75 балаға дейін	28 000	0	28 000	
	76 дан 100 балаға дейін	25 000	0	25 000	
	101 ден 150 балаға дейін	24 000	0	24 000	
	151 ден 200 балаға дейін	23 000	0	23 000	
	201 ден жоғары	22 000	0	22 000	